



М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті

Зерттеу университеті деген мәртебе алды

Шымкенттегі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 80 жылдық мерейтойын атап отті. Бұл оку орны үшін биылғы айтулы оқигалардың бірі де бірегейі. Салтанатты іс-шара барысында жетістіктер де, алдағы жоспарлар да айттылды. Яғни кең көлемде есеп берілді, жылды лебіздер білдірілді.

Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. «Осы кезеңде Әуезов университеті тарихи тәрең, дамуы мол іргелі оку ордасының біріне айналды. Оку орнының ұжымы білікті кадрлар даярлау ісіне, ғылыми да-тытува елеулі улес қосып келеді. Университеттің халықаралық және үлттық, рейтингтегі жоғары көрсеткіштері соның айқын дәлелі. Бұгінде оку орны тың жобаларды жүзеге асырып, аймақтың қозғалық-саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуына атсалысада», дедінген Президент құттықтауында. Соңдай-ақ министр 2023 жылдың 15 қарашасында Үкімет қаулысымен оку орнына зерттеу университеті деген мәртебе берілгенін мәлім етті. Университетті дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданған. Зерттеу университеті мәртебесі ғылым арқылы елдің индустріалды-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, жоғары білікті кадрлар даярлауга мүмкіндік береді. Сонымен бірге 5 жылдық бағдарлама аясында жаңа зертханалар пайда болады, қосымша қаржынан дыру артады, білікті кадрлар жұмысқа тартылады, зерттеу университеті болған соң профессорлық-окытушылар қурамының коэффиценті жоғарылайды. Бөлінген қаржылар ғылыми зерттеу орталықтарын жаңартып, жабдықтауга жүмсалады.

Жоғары оку орнының жаңа бастамаларды жүзеге асырып, жоғары жетістікке жетуінде сінірғен еңбегі мол, іскер де ізденімпаз басшы, М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры Д.Кожамжаровының мәлімдеуінше, білім ордасы 30 мыңға жуық студентті қамтыған, 3 жоғары білім жүйесін топтастырган көпсалалы университет атанды. Жаңа мәртебе ғылым мен өндірісті, экономиканы бір-бірімен үштастыруға мүмкіндік тұтызады. Университеттің еліміздің ғылымына қосқан улесі қаржылай есептегендеге 5 млрд теңгені қурады. Оның ішінде коммерциялық бағыттарғы, жас ғалымдардың, халықаралық мәндегі жобалардың жалпы саны 300-ден асады. Сонымен бірге метаполисттің дамуы, су, жерасты сулары, күн энергиясы тақырыбында біраз зерттеулерді қосуга болады. Ректордың айтуынша, жаңа мәртебе енді еліміздің ғылым саласына жас ғалымдарды, білікті мамандарды лек-лекімен шығаруға үлкен мүмкіндік сыйлайды. Эсіреле жасанды интеллект ғылымын менгерген мамандар шоғыры қалыптасады. Соңдай-ақ оку орны шетелдікті қосқанда 38 университетпен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Бұгінгі таңда Әуезов университетінде 1,5 мың оқытушы курамы болса, оның 300-ден астамы ғылым кандидаттары.

М.Әуезов атындағы ОҚУ еліміздің оңтүстік-өңіріндегі ең іргелі оку орны болғандықтан оған қосымша үлттық университет мәртебесін беретін уақыт келді. Өйткені университеттің тарихы терең, екіншіден ғылым саласына қосқан улесі мол, үшіншіден алдағы уақытта ғылымды өрге сүйрейтін әлеуеті де жетеді.